

ОМОНИМДІК ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАСЫ МЕН МАҒЫНАСЫ ЖӨНІНДЕ

Бекмуратова А.М

Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

Аңдатпа: Бұл мақалада тіліміздегі қосымшалардың тұлғасы мен беретін мағынасы туралы жан-жақты талдау жасалынды. Қазақ тіліндегі омонимдік қосымшалардың қолданылуы мен сөздерге жалғанып, қандай мағына беретіндігі талданды. Сондай-ақ, көркем әдебиеттен мысалдар келтірілді, яғни жазушылардың әдеби шығармаларынан омонимдік қосымшалар жалғанған сөздер топтастырылып, мағынасы анықталды.

Аннотация: В этой статье был сделан всесторонний анализ тождества и значения дополнений в нашем языке. Проанализировано употребление омонимичных суффиксов в казахском языке и их значения при присоединении к словам. Также были приведены примеры из художественной литературы, то есть сгруппированы слова с омонимичными суффиксами из литературных произведений писателей и определено их значение.

Abstract: In this article, a comprehensive analysis of the identity and the meaning of complements in our language has been made. The use of homonymous suffixes in the Kazakh language and their meanings when attached to words are analyzed. Examples from fiction were also given, that is, words with homonymous suffixes from literary works of writers were grouped and their meaning was determined.

Түйінді сөздер: омоним, аффикс, сын есім, өткен шақ, септік жалғауы, сөз тудырушы жұрнақ.

Ключевые слова: омоним, аффикс, имя прилагательное, прошедшее время, словообразовательный суффикс.

Key words: homonym, affix, adjective, past tense, adverb, word-forming suffix.

Қазақ тіл білімінде жазылуы мен айтылуы бірдей, бірақ мағынасы жағынан басқа сөздер, яғни лексикалық омоним сөздер бар. Морфология саласында тұлғасы, жазылуы бірдей, бірақ сөз тудыруда және форма тудыруда қызметі әртүрлі қосымшалар бар. Тіл білімінде оларды омонимдік қосымшалар дейді. Омоним қосымшалар түр-тұлғасы бірдей я ұқсас болғанмен, мағыналары бүтіндей бөлек-бөлек, көбіне бір-бірімен ешбір байланыс болмайтын қосымшалар болып табылады [1, 188 б.]. Алайда әрбір жалғау мен жалғаудың, жалғау мен жұрнақтың, жұрнақ пен жұрнақтың қызметі мен мағынасын анықтауда қиынға соғады. Қосымшалардың қандай мағынада жұмсалып тұрғанын тіркескен сөзі арқылы немесе берілген сөйлем арқылы анықтай аламыз.

Соның бірі, -а, -е – көсемшенің жұрнағы, -а, -е – барыс септігінің жалғауы, -а, -е – есім сөзден етістік тудырушы жұрнақ. Мысалы, «Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады» (М.Әуезов, «Қорғансыздың күні» 9-бет). Бүгін басыма күн туған соң біліп отырмын ғой (18-бет). Алғашқы сөйлемдегі *тұр-а-ды* сөзінде етістікке жалғанып, қимыл мағынаны білдіріп, көсемшенің жұрнағы болып тұрса, келесідегі *басым-а* 1-жақта тәуелденген зат есімге жалғанып, барыс септігі жалғауы саналады. Ал, «Бұрынғыдан да *тұнжыр-а-ды*» (10-бет) деген сөйлемде есім сөзге жалғанып, етістік тудырушы жұрнақ болады.

Талдау барысында –шы, –ші зат есім тудыратын сөзжасамдық жұрнақ пен –шы, –ші қимыл-әрекеттің болашақта мақсаттық мәнде іске асатындығын көрсететін жұрнақты анықтауға болады. Сонымен бірге, –шы, –ші – бұйрық рай мағынадағы етістікке жалғанып, өтіну мәнде және –шы, –ші – жіктік жалғауында шартты райлы етістікке жалғанып, налу, өкіну мағынасында жұмсалады. 1) «Жолаушының бірінің торғын тысты жаңа түлкі тымағы бар» (9-бет) сөйлеміндегі *жолау-шы* сөзінде зат есім тудырып тұр. 2) «Ғазиза Ісләмнің ықтиярында болмақшы» (М.Әуезов «Кім кінәлі» 91-бет) сөйлемінде *болмақ-шы* сөзі алдағы уақытта орындалатын әрекет екенін білдіріп тұр; 3) «*Тауып берші*» (87-бет) сөзі өтіну мәнде жұмсалса; 4) «Оның осында келетінін *білсем-ші*».

Келесі омонимдік қосымша – -ды, -ді, -ты, -ті – сын есім тудырушы жұрнақ, -ды, -ді, -ты, -ті – табыс септігі жалғауы, -ды, -ді, -ты, -ті – жедел өткен шақ жалғауы және – -ды, -ді, -ты, -ті – жітік жалғауының 3-жағы. «*Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұртты, шоқша сақалды, сұрғылт беті дөңгелек, жалпақтау*» (9-бет). Сөйлемдегі *мұрт-ты, сақал-ды* сөздеріне назар аударсақ, есім сөзге жалғанып сын есім тудырушы жұрнақ болса; «Менің малымды көрнеу қоя беріп отырамысың?, - деп асылып отырып алды» (17-бет) сөйлемінде *малым-ды* деген сөзде зат есімге жалғанып табыс септігінің жалғауы болып тұр; *ал-ды* деген сөзде етістікке тікелей жалғанып жедел өткен шақ қызметін атқарып тұр. Ал егер көсемшенің жұрнағы арқылы жасалған етістікке жалғанар болса, жіктік жалғауының 3 жағында тұрады. Мысалы, «Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікбай кезеңі деп аталады» (6-бет) сөйлемінен *атала-ды* сөзін мысал ретінде алсақ болады. Тағы бір ескеретін жайт, егер түбір сөздің өзі омоним сөз болып, оған омонимдік қосымшалар жалғанса қалай ажырата аламыз? Жоғарыда келтірілген мысалдарды жеке сөз болып тұрса да анықтай аламыз, ал түбірі мен қосымшасы да омоним болса, тіркесіп тұрған сөзіне баса назар аударамыз. Мысал ретінде *бар* сөзін алатын болсақ, 1-шіден, *бар-ды жоқ қылды* деген тіркесте модаль сөзге табыс септік жалғауы жалғанып заттық мәнді білдірсе; *ауылға қыдырып бар-ды* тіркесінде жедел өткен шақ болып тұр.

Омонимдік қосымшалар қатарына –да, -де қосымшаларын да жатқызуға болады. 1) –да, -де зат есімге жалғанған кезде жатыс септік жалғауы болады: «Осылардың осындай қорлығын ойлағанда, осы жерде өле қалғым келеді» (20-бет) деген сөйлемдегі *жер-де* сөзі; 2) «Жүгіріп-жүгіріп келіп, бір жартасты сайға кіре бере, арт жағы қиралаңдап барып құлап түсті» (М.Әуезов, «Көксерек» 181-бет) сөйлеміндегі *қиралаң-да-п* деген сөзде еліктеу сөзден етістік тудырушы жұрнақ болатынын байқай аламыз; 3) сонымен бірге –да, -де қосымшалары есімдерден етістік тудырушы жұрнақтар қатарына да жатады: «Сондықтан Ақан үндемегенде, о да үндемей отырады» (9-бет) сөйлеміндегі *үн-де-мегенде, үн-де-мей* сөздерінен байқай аламыз. «*Қол-да бардың қадірі жоқ*» «*жарысқа қатысып жатқан бауырыңды қол-да*» деген сөйлемдердегі *қол-да* сөзінің түбірлері де омоним сөз болып тұр. Бірінші сөйлемде жатыс септігінің жалғауы жалғанып тұрса, екінші сөйлемде есім сөздерден етістік тудырушы жұрнақ жалғанып, қимыл мәнді білдіріп тұр.

-тай, -тей, -дай, -дей – сын есім тудырушы жұрнақ, -тай, -тей, -дай, -дей – үстеу тудырушы жұрнақ және болжалдық сан есім жұрнағы. 1) «Күнге жақын тұрған ұзынша, жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл» (8-бет) сөйлемінен *темір-дей* сөзін есім сөздерден сын есім тудырушы жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер қатарына жатқызамыз. 2) Есім сөздерге жалғанып, үстеу тудырады: «Жаздай жеген қозы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті» (175-бет) сөйлеміндегі *жаз-дай* сөзі; 3) –дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы есептік сандарға жалғанып, оған болжал мән қосады. Бұл жұрнақ сан есіммен тіркескен зат есімге жалғанып та болжалдық мағына береді. [2, 175-176 бб.] Мысалы, «Жолдың аузында көлденең созылып жатқан тұрқы *он шақырым-дай* болғанмен, еңсіз кереге сықылды, жалғыз тау (6-бет); 4) Сонымен қатар, -тай, -тей жұрнақтары зат есімнің реңк мәнін тудырады: *ана-тай, аға-тай, т.б.*

Келесі омонимдік қосымшалар қатарына жататындар –дан, -ден, -тан, -тен. 1) Есім сөздерге жалғанып етістік жасайды. Мысалы: «Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді» (9-бет) сөйлемінде *қызғылт-тан-ып* сөзі «көр» көмекші етістігімен тіркесіп етістік болып тұр. 2) Зат есімдерге жалғанып, шығыс септік жалғау екендігін анықтай аламыз: «Қалтай қорадан ат алып мініп шығып, қайта-қайа айғайлап, шаба жөнелді» (26-бет) сөйлемінде *қора-дан* сөзі мысал болады. 3) Сан есімдерге жалғанады да, топтау сан есім жасалады. Мысалы: *екі-екі-ден бірікті, тапсырмаларды жеті-сегіз-ден бөліп алды.*

-па, -пе, -ба, -бе, -ма, -ме қосымшаларының жалғануы арқылы да әртүрлі мағыналы сөздер жасалады. 1) Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздерге жалғанып, болымсыздық мән үстейді: «Оның тартқан қасіреті көңіліне қонбайды, сезіміне сіңбейді, тіпті ұғылмайды» сөйлеміндегі *қон-ба-йды, сің-бе-йді, ұғыл-ма-йды* сөздері мысал болады. 2) Етістіктерге жалғанып, зат есім тудыратын жұрнақтар қатарында кездеседі. Мысалы: *сүз-бе, кес-пе, шығар-ма*.

Мен, сен, ол жіктеу есімдіктері септелген кезде дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Соның ішінде, барыс септік жалғауы жалғанған кезде *ма-ған, са-ған, о-ған* болып өзгереді. Сонымен қатар, -ған қосымшасы етістікке жалғанатын есімшенің жұрнағы да болып табылады. «Күшікбай батыр жиырма бір жасында дүние салған екен» сөйлеміндегі *сал-ған* сөзі мысал болады.

Ендігі кезекте –н қосымшасын талдайық. Ең алдымен, Соныменбірге ендігі асыққаны – қайнына бару, қалыңдығын әбден анықтап көру; көңлінде анда-санда таныс еместік себебінен туған болымсыз күдікті жоғалту еді.» сөйлеміндегі *қалыңдығы-н* сөзіне назар аударайық. Мұнда тәуелдік жалғауының 3-жағы арқылы жасалған зат есімге жалғанып, кімін? (кімді?), несін? (нені?) деген сұрақтарға жауап беріп, табыс септігінің жалғауы болып тұрғандығын анықтай аламыз. Екіншіден, етістікке жалғанып өздік етіс болады: «Өз-өзінен шүлендігі ұстағандай боп болысқа қолынан келген бар жақсылығын да, қадірлісін де аямай, ірікпей беруге *бекі-н-ді*». Үшіншіден, етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар: *бора-н, толқы-н*. Сонымен бірге, етістіктің құрамында л дыбысы болса және оған –н жұрнағын жалғасақ, ол ырықсыз етіс жұрнағы болып табылады. Мысалы: «*Қой жарала-н-ды*» (165-бет).

-с жұрнағын да омонимдік аффикстерге жатқыза аламыз. 1) –ма, -ме болымсыздық жұрнағы арқылы жасалған етістікке жалғанып есімшенің болымсыз түрі болады: *барма-с, келме-с, шықпа-с, ұйықтама-с және т.б.* Ал егер де болымсыздық жұрнағы жоқ етістікке жалғанса ортақ етіс жұрнағы болады. Мысалы, *жина-с, сөйле-с, шегеле-с*. 3) *Төбеле-с, шайқа-с* деген сөздерде етістіктен зат есім тудыруға қатысып тұр.

Келесі омонимдік қосымшаларға -т жұрнағын жатқызамыз. 1) *шақыр-т* сөзінде етістікке жалғанып, өзгелік етіс болып тұр. Тағы да бірнеше мысалдар келтіруге болады: *оқы-т, сөйле-т, азай-т және т.б.* 2) Етістіктен зат есім жасауға қатысады: *бөге-т*.

-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу жұрнағы - омонимдік аффикстер. *Үлкен-деу, кіші-леу, шикі-леу* деген сөздерде сын есімнің салыстырмалы шырай болса, *тез-деу қозғалды, ілгері-леу отырды, кеш-теу келді, кешегіден ерте-леу кетті* деген сөйлемдердегі *тездеу, ілгерілеу, кештеу, ертеу* сөздері туынды үстеу болып тұр.

Омонимдік аффикстердің қатарына -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары да кіреді. *Аз-дық, көп-тік, дос-тық, қас-тық, кісі-лік, жеңіл-дік, бел-дік, бала-лық, екі-лік, жаңа-лық* деген сөздерде есім сөздерден зат есім тудырып тұр. Ал, *қала-лық адам, аудан-дық мектеп, азамат-тық борыш, күз-дік киім* сөз тіркестерінде қандай? деген сұраққа жауап беріп тұр, яғни есім сөздерден сын есім жасауға да қатысады.

Ендігі талдайтын омонимдік қосымша -м қосымшасы. 1) Қимылдың иесінің бір затты қалауын білдіретін қалау райдың -са, -се жұрнағынан кейін жалғанып, 1-жағында жұмсалады. Мысалы: *мен оны көрсе-м, мен сол қалаға барса-м*. 2) Тәуелдік жалғаудың 1-жағында дауысты дыбыспен аяқталған зат есімдерге жалғанып қолданылады: *менің бала-м, менің ата-м, менің сіңілі-м және т.б.* 3) *сөйле-м, тоқта-м* деген сөздерден байқағандай етістіктен зат есім жасауға болады.

-к, -қ — омонимдік қосымшалар қатарына жатады. Өйткені, *барса-қ, келсе-к* деген сөздерде жіктік жалғауының 1-жағында көпше түріне жалғанып қалау мәнді білдіріп тұрса; *ақса-қ, сире-к* деген сөздерде етістік сөздерге жалғанып сын есім тудырып тұр, ал, *қайра-қ, тара-қ, күре-к* деген сөздерде етістіктен зат есім туып тұр.

Келесі омонимдік қосымшалар қатарына -ғы, -гі, -қы, -кі жатады. 1) –ғы жұрнағы мезгілдік ұғымда жұмсалатын зат есімдер мен үстеулерден сын есім тудырады: *жаз-ғы, күз-гі, түн-гі, ертең-гі*; 2) етістіктерден зат есім тудырады: *шал-ғы, шап-қы, бұр-ғы, кер-гі және т.б.* [3, 91 б.]; 3) Етістікке жалғанып қалау райдың жұрнағы болады: *бар-ғы-сы келді, көр-гі-м келді, айт-қы-сы келді*. 4) -гі жұрнағы етістіктен сын есім жасауға да қатысады: *күлдір-гі*.

Омонимдік аффикстерге -кер жұрнағы да жатады. Өйткені, *ес-кер* сөзінде есім сөзден етістік жасап тұрса, *табыс-кер адам, іс-кер кісі* деген тіркестерден есім сөздерден сын есім жасалып тұрғанын байқаймыз, сонымен қатар, *кәсіп-кер, зейнет-кер, бітіруші талап-кер* сөздерінде есім сөздерден зат есім туындап тұр.

Ұят-сыз, ақыл-сыз, көрік-сіз деген сөздердегі –сіз жұрнағы есім сөзден сын есім тудырса; *бара-сыз, келе-сіз* сөздерінде жіктік жалғауының 2-жағы сыпайы түрі болады.

Сонымен бірге, –ғыш, -гіш, -қыш, -кіш жұрнақтары омонимдік аффикстер қатарына жатады. Біріншіден, етістіктен зат есім жасауға қатысады: *сыз-ғыш, қыс-қыш, қыр-ғыш, жап-қыш, жылыт-қыш*. Екіншіден, етістіктен сын есім жасалады. Мысалы: *жаз-ғыш, кеңес-кіш, біл-гіш, айт-қыш, оқы-ғыш*. Үшіншіден, -ғыш жұрнағы салыстырмалы шырай жұрнағы болады: *сар-ғыш*.

Қорытындылай келе, тілімізде кездесетін қосымшалар жеке тұрып мағына бермесе де, түбірге жалғанбай қолданылмайтын болса да, ішінара осындай омонимдік қасиетке ие екенін біліп отырмыз. Лингвостатистикалық әдісті қолдана отырып, біз мақалада 19 омонимдес қосымшаны анықтап, көркем шығармада берілуін талдадық. Қазақ грамматикасы салаларының кішкентай бөлігі саналатын қосымшалардың өзі осыншалықты ауқымды, кең тақырыпты алып жатыр. Қазақ тілі сөздік қоры мол, көркем тіл екенін білеміз, тіліміздің осындай сипатқа ие болуына бірден-бір көмегін тигізетіндер – қосымшалар.

Әдебиет:

1. Жанпейісов Е., Хұсайын К., Жүнісбек Ә., Оралбаева Н., Исаев С., Айғабылұлы А., Серғалиев М., Әмір Р., Уәлиев Н. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 188 б.
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: – Оқулық. – Алматы, 2007. – 175-176 бб.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 91 б.
4. Әуезов М. Қорғансыздың күні: - Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 128 б.